

TURKISTAN

Алаш аманатын ардақтаған 12 том



Біз Алаш арыстарына қарыздармыз. Олардың жүріп өткен жолына үңілсөніз, ұлттың жоғын түгендеудегі жанкештілігіне бас шайқамай тұра алмайсыз. Соңғы демі қалғанша ұлттың жүгін көтеруге тырысқан, кейінгінің жұмысын жеңілдетуге барын салған олардың аманатын орындау – ел ретіндегі парызымыз. Олардың ғұмырында біз білмейтін жұмбак көп. Бізге беймәлім сырлар жетерлік. Соның бәрін зерттеу, зерделеу, келер ұрпаққа ұсыну ел үшін аса маңызды.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасымен 12 томдық «Алашорда ісі. 1920-1940 жылдар. Күжаттар мен материалдар» атты кітап жарық көрді. Мемлекеттік кенесші Ерлан Қариннің жетекшілігімен жарық көрген кітап – ұлт арыстарының өмірі мен бізге беймәлім тағдырын «құпия» деген мөрі алынған 2,6 миллионға жуық материал мен құжат арқылы сараптаған бірегей еңбек. 12 томдықты әзірлеу үшін еліміздің осы салаға қатысы бар 425 ғалымы үш жыл бойы архивтерді ақтаратып, 700 мыңға жуық іс материалын жинап, сұрыптап, ғылыми түсініктеме жазып, оқырманға ұсынып отыр.

XX ғасыр қазақ халқы үшін қасіретті оқиғаларға толы болды. 16-жылғы ұлт-азаттық көтерілісінің жеңіліс табуы, актар ланы, Кеңес өкіметінің құрылуынан кейінгі күштеп ұжымдастыру мен тәркілеу, 20-30-жылдардағы ашаршылық, саяси репрессия, 40-жылдардағы Екінші дүниежүзілік соғыс, 50-жылдардағы қайта қудалау, 1986 жылғы желтоқсан оқиғасынан соң қазақ жастарын қуғындау... Мұның бәрі қазақ халқын қырғынға ұшыратқан геноцидтер. Бірақ 74 жыл билік құрған КСРО дәуірінде мұны ашық айту мүмкін болмады. Тек жер шарының алтыдан бір бөлігін алып жатқан алып мемлекеттің шаңырағы шайқала бастаған кезде шындықтың шеті ашылып, ұлттық баспасөзімізде көрнекті тұлғалар қазақ басынан өткен қуғын-сүргін жайында айта бастады. 1991 жылды қазақ елі тәуелсіздік алған соң қазақ халқының басынан өткен қасіреттер туралы ашық айтуға батыл қадам жасап, 1993 жылды Қазақ мемлекеті «Жаппай саяси қуғын-сүргін құрбандарын ақтау туралы» заң қабылдалап, 1997 жылды сол кездегі Мемлекет басшысының Жарлығымен 31 мамыр Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні ретінде белгіленді. Бірақ әлі де ашылмай жатқан ақықаттар көп еді. Сондықтан 2020 жылды 20 мамырда Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күніне орай үндеуінде: «XX ғасырдың 20-50-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін зобалаңы –

халқымыздың тарихындағы қасіретті кезең. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін осы нәубеттің құрбандарын мәнгі есте қалдыру үшін мемлекеттік деңгейдегі тиісті шараларды жүзеге асыра бастады.

Кеңес заманында өмір сүрген халықтарға «ұлken террордың» орасан зор қасірет әкелгені есімізде. Зұлмат жылдарда Қазақстанға КСРО-ның түпкір-түпкірінен бес миллионнан астам адам жер аударылды. 100 мыңға жуық азаматымыз қуғын-сүргінге ұшырап, соның 20 мыңдан астамы атылды.

Бүгін біз ұжымдастыру жылдарында аштыққа ұшырағандарды, сондай-ақ туған жерінен кетуге мәжбүр болғандарды да еске аламыз. Бұл зобалаңның қасіретін үш миллионға жуық адам тартты.

Тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстарын аяқтап, саяси қуғын-сүргін құрбандарын актау үшін арнайы мемлекеттік комиссия құруды тапсырдым. Біз жазықсыз жазаланғандардың әрқайсысын есте сақтау арқылы ғана кемел келешекке жол ашамыз», – деп қазақ халқы тарихындағы актандақ кезеңдердің шындығын ашу жолында атқарылар шаруалардың мәнін мемлекеттік деңгейдегі маңызды іс екенін атап өткен болатын.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 24 қарашадағы №456 Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық актау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы Жарлығы шыққаннан кейін арнайы комиссия құрылып, үш жыл бойы тыңғылтықты жұмыс жүргізді. Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин-нің бұл жөнінде былай деген-ді: «Мемлекеттік комиссияның қызметіне 425 ғалым, оның ішінде аймақтардан келген 260 зерттеуші жұмылдырылды. Үш жылдың ішінде 60 мемлекеттік жөне ведомстволық архивтен 700 мыңға жуық іс жиналды, 2,6 миллионға жуық материал мен құжаттың құпиялығы алынып тасталды, саяси-қуғын сүргіннің құрбаны болған 311 мыңдан астам адам акталды».

Енді, міне, осының нақты бір нәтижесі ретінде өткен жылдың сонында «Алашорда ісі. 1920-1940 жылдар. Құжаттар мен материалдар» деп аталатын 12 томдық архив құжаттары кітап болып басылып шықты. Алаштанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, Мәмбет Қойгелдиевтің жетекшілік етуімен жарық көрген Алаш қозғалысының тарихына қатысты архив материалдарының бұл жинағының жалпы қолемі 495 баспа табаққа жуық. Жиыны 6 184 беттен тұратын 12 томдық кітапта суреттерден өзге 3 301 құжаттың мәтіні қай тілде жазылса, сол тілде берілген. Жинақтың әр томына (2, 6 томнан өзгесінде) қазақ тілінде кіріспе және құрастыруышының томда қамтылған материалдар жөнінде мақаласы, сондай-ақ әр томның сонында ғылыми анықтамалық бар.

Бұл 12 том негізінен Алаш арыстарының өміріне арналғандықтан, алғашқы екі томында Алаш партиясының құрылуы және Алаш арыстары Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Мағжан Жұмабаев т.б. тұлғаларды тергеу, айыптауға байланысты құжаттар берілген.

Алғашқы томды (№78754 А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы және басқалардың айыптау ісі. 1927-1930 жж.) ашқаннан-ақ құрылғанына тұра жарты-ақ жыл болған қызыл өкіметтің қазаққа, оның ішінде Алашорда автономиясына қарсы әрекетке кіріспін кеткенін көруге болады. Қараңыз (№2 құжат):

Телеграмма [наркома по делам национальностей РСФСР] И.Сталина [зампреду Тургайского облисполкома] А.Джангильдину о требовании буржуазно-националистическими группами автономии [г. Москва] 7 апреля 1918 г.

Буржуазно-националистические группы требуют автономию для того, чтобы превратить ее в орудие закабаления своих собственных масс. Именно поэтому, признавая центральную советскую власть, они, вместе с тем, не хотят признать местных Советов, требуя невмешательства в их внутренние дела.

И.Сталин

Бұдан Қазан төңкерісінен кейін билікті қолына алған большевиктердің қазақ жерінде құрылған Алаш автономиясына көзқарасының қандай болғаны айқын көрінеді. Өйткені Ресейдегі Патша әкіметі құлап, орнына Керенский бастаған Уақытша әкімет келген соң көп ұзамай қазақ интеллигенциясы бірігіп Алашорда үкіметін құрған еді. Сондықтан алғашқы томда берілген «Правительство Алаш-орды. Проект программа партии «Алаш» (г.Оренбург, 21 октября 1917 г), «Из протокола заседания II Общекиргизского (Общеказахского) съезда» (г.Оренбург, 5-13 декабря 1917 г.), «Доклад члена Кир(Каз)военревкома А.Байтурсынова по поводу включения Кустанайского у. Тургайский обл. в Челябинский р-н» (г.Оренбург, 7 апреля 1920 г.) деген құжаттардан сол тұста Алаш қозғалысының қандай жұмыстар атқарғанын білуге болады. Сондай-ақ «Письмо [зампред Кир(Каз)военревкома] А.Байтурсынова [председателю Совнаркома РСФСР] В.Ленину о преодолении советской власти к казахский интеллигенции» (г.Москва, 19 мая 1920) деген құжат та Алаш ардақтыларының қандай сауатты һем ұлты үшін қандай істер істеуге дайын екенін танытады. Ленинге жолдаған әлгі хатында Байтұрсынұлы сол кездегі қазақ пен орыстың бір-біріне көзқарасы қандай екенін былай жеткізеді: «Одним лишь переименованием себя в коммунистов-интернационалистов, русские не могут возбудить в себе доверия нерусской нации, имеющей вековое знакомство с хитроумной политикой царского правительства. У киргизов есть поговорка: «Сары орыстын бари орыс», что по-русски означает: «Русский, кто бы он ни был, есть русский» (грабитель, угнетатель). Всякая хитроумная политика, рассчитанная на обман киргизского народа, кроме внешней призрачности, ничего существенного достигнуть не может. Народ, с затаенной злобой и ненавистью молчаливо переносивший многовековой гнет царизма, может и теперь молчать, но это терпеливое молчание может продолжаться до тех пор, пока не представится случая так или иначе выражать свое неудовольствие» (1 т. 57-бет). Бұл хат – жазған адамның жай сауатты ғана емес, ұзақ жыл отаршылдықта болған елдің психологиясын терең білетін сұңғыла әрі батыл саясаткер екенін танытса керек.

Сонымен бірге осы томның «78754 Алаш ісі: 1927-1930 жж. Сот процесі» деген екінші бөлімінде Алашорда жетекшісі Элихан Бекейхановты тергеу материалдары (5 құжат) берілген. Онда Бекейханов ісіне қатысты екі күэнің тергеуде айтқан сөздері, Элиханның сөзі («Протокол показаний

А.Букейханова») берілген. Бекейханов өз сөзінде былай деген: «После распада Алаш-Орды в 1919 г. у нас, националистов, бывших алашординцев, никаких попыток организоваться в какую-либо организацию и вести борьбу, организованную борьбу против советской власти не было» деп саяси тұрғыда өзінің кінәсіз екенін айта келіп, өздеріне тағылған ұлтшылдық мәселесі туралы: «Вообще же обсуждения националистической деятельности с кем-либо я тоже не вел, т.к. считаю, что единственno, с кем я мог говорить как националист с националистом, являются Байтурсынов и Дулатов, но с ними я ни о какой тактике националистов не говорил, а если мы с ними и вели разговоры на «националистические» темы, то только «плакались» на судьбу. Мое отношение к земельной политике сводится к следующему: я считаю, что наделять и русских (переселенцев), и казахов одинаковыми нормами нельзя, т.к. русские более культурные и они всегда будут превосходить в земледелии, а за тем закабалят казахов. Вот мой «национализм» в земельном вопросе. Что касается того, что в как будто вмешиваюсь в земельные дела Наркомзема, то тут я должен сказать, что, конечно, я никакой роли не играю, и я, например, отвергаю обвинения т.Голощекина, когда он обвинил Султанбекова, который по приезде в Москву ходил не к Голощекину, а ко мне. Дело было так. Султанбеков, как наркомзем Казреспублики, приехал сюда в Москву, чтобы провести утверждение земельных норм в Госплане РСФСР (1927 г.). Эти нормы уже были утверждены казахскими учреждениями, где их защищал и проводил Швецов. Так вот Султанбеков с тем, чтобы опять заполучить Швецова для защиты норм в Госплане РСФСР, и обратился ко мне, ибо он знал, что со Швецовым у нас старинное знакомство (34 года), что он не откажется, если я попрошу его сделать это, если же Султанбеков обратился бы непосредственно, то, может быть, Швецов и отказался. Швецов, действительно, после моей просьбы остался защищать. Голощекин же обвинил Султанбекова, что вот он пошел за «советом» ко мне», – деп мәселенің басын ашып, сауатты жауап берген. Міне, Элиханның осы секілді жауаптарынан оны қамауға алуға себеп таба алмаған болуы керек, ол туралы «Совершенно секретно» грифімен жасалған «Письмо ВО ОГПУ в ПП ОГПУ по Казахстану о недостаточности фактов для ареста А.Букейханова» (г.Москва, 7 июня 1929 г) деген құжатта былай делинген: «Ввиду того, что имеющиеся материалы на Букейханова не вполне достаточны для немедленного ареста, мы допросили его с таким расчетом, чтобы в случае отрицания им предлагаемых вопросов иметь возможность отпустить без ареста».

Приложение: Протокол допроса Букейханова от 27 мая 1929 г.
Врид помнач ВО ОГПУ Балдаев.

Демек, қазақ оқығандарының ішінде саяси сауаты өте жоғары саналған Элихан Бекейхановтың батыл жауаптарына байланысты оны оп-онай қамауға алуға мүмкін болмаған.

(Осы кітаптар ретінен сәл озып айтар болсақ. Ә.Бекейханов туралы «Алаш ісі» 12 томдығының 5-томында 12 құжат бар. Оның алғашқы екі құжаты қазақ тілінде – 1917 жылы 13 қарашада «Сары арқа» газетінің

18, 20-нөмірінде басылған Сұлтанмахмұдтың «Галиханның Семейге келуі» деген мақаласы, қалғаны 1937 жылдың 27 июль – 27 сентябрь айлары аралығында жасалған орыс тіліндегі тергеу, айыптау материалдары. Әлихан секілді бір ұлттың мәндайына тіккен азаматын жазықсыз қаралап, өлім жазасына кесу үшін бар болғаны 2 ай уақытта жасалған 10 құжат шешіпті...) «Следственные материалы на Байтурсынова Ахмета» бөлімде 12 құжат берілген. Онда Байтұрсынұлына қатысты күәлардың жауаптары, күәгер Д.Әділов жүздестіру кезінде жасалған тергеуде айтқаны, бірнеше рет тергеуде берген өз жауаптары бар. «Протокол допроса свидетеля И.Абдрахимова. (г.Кзыл-орда, 24 май 1927 г) деген құжатта күәгерден Байтұрсынұлының «ұлтшылдығы» туралы сұраған болса керек, күәгер Қазақ халық ағарту институтында (КИНО) онымен бірге 1923 жылдан бері жұмыс істеп келе жатқанын айта келіп, онда коммунистік тәрбие берілуі қажет екенін, алайда онда сабак берушілерде (бұл жерде А.Байтұрсынұлын назарда ұстап отыр) коммунизмге дүшпандық көзқарас бар екенін айта келіп былай дейді: «7 января 1927 г. на уроке истории культуры Байтурсынов задал студентам 1) 7 янв следующий вопрос: «В государстве существует диктатура. Может ли она быть уничтожена или нет?».

Студенты ответили (некоторые), что будет уничтожена, если будет коммунизм. Нужно оговориться, что такой ответ был дан на следующем уроке, т.к. задав вопрос, Байтурсынов посоветовал над ним подумать и ушел. Некоторые из студентов говорили, что психология человека неизменяется и взаимоотношения между людьми, вследствие этого, изменяться не могут. После споров между студентами в виде заключительного слова говорил Байтурсынов следующее.

Вопрос об уничтожении диктатуры вообще сейчас решить трудно, т.к. вперед нельзя знать, что будет. Если судить о возможности коммунизма, то нужно иметь в этом отношении опыт. Кто нам должен показать этот опыт? Коммунисты. Они показывают или нет? И отвечает, что нет. Взять, например, КИНО, который не имеет здания, а Мунбаев один занимает несколько комнат.

Пишут, например, в газетах, что в Москве составлен план жилищного строительства и думают построить 100 домов. Почему же думают строить в Москве, а не в Кзыл-Орде? У нас здесь в домах большая нужда, а дома строят в Москве» деп ұлт ұстазының коммунизмге теріс көзқарасын дәлелдегендей болады. Ал Байтұрсыновтан «ұлтшылдық», «коммунизмге қарсылық» іздең отырғандар үшін бұл күәлік көзір болғаны белгілі. Бірақ Байтұрсынұлы тергеуге берген жауабында (құжат: «Протокол допроса А.Байтұрсынова» г.Кзыл-Орда, 2 июня 1929 г): «У меня никаких разногласий с программой ВКП(б) не было. Нет этих разногласий и в данное время.

Изключен я из партии при чистке 1921 г. как пассивный член. Моя пассивность заключалась в том, что я углубился в научную работу, не бывал на партийных собраниях и вообще уделял мало времени политике, т.к. считал, что основной работой является научная работа по языку и казахской литературе, без чего не мыслил себе вести просветительскую работу» деп,

бұл мәселеге деген онды көзқарасын білдірген. Бірақ осыған қарамастан оны бәрібір кінәлі деп тауып мынадай шешім шығарған:

«В процессе следствия по делу №6 выяснилось:

- 1) что гр. Байтурсынов Ахмет Байтурсынович является инициатором создания подпольной антисоветской организации, имевшей связь с басмачеством в Средней Азии;
- 2) подпольная организация имела связь с бандой братьев Адилевых, оперировавшей на территории Сары-Суйского р-на Сыр-Дарынского окр.;
- 3) подпольная организация систематически, на протяжении ряда лет, противодействовала проведению мероприятий соввласти как в области культурного, так и хозяйственного строительства, т.е. гр. Байтурсынов совершил преступления, предусмотренные 58-7, 58-11, 59-3 ст. УК.» (Құжат: Постановление ВО ГПП ОГПУ по Казахстану о привлечении А.Байтұрсынова по делу о создании подпольной антисоветской организации. г.Кзыл-Орда, 12 июня 1929 г). Мұнымен тынбай А.Байтұрсынұлын тағы да тергеп, қазақтың өзге тұлғалалары туралы сұраған болса керек, «Дополнительный допрос А.Байтұрсынова» (г.Алма-Ата, 18 июня 1929 г) деген құжаттағы жауабында ол былай деп жазған екен:

«Вопросов о направлении казахской литературы я ни с кем не обсуждал. В частности, не помню, чтобы я читал вместе с Букейхановым новую платформу, составленную Магжаном Джумабаевым. Во всяком случае, хорошо помню, что Джумабаева, в бытность мою в Москве, я в квартире Букейханова не встречал, а также не был на квартире и самого Джумабаева. Не помню (это было в общежитии Наркомпроса РСФСР в Москве, куда я ездил на Краеведческий съезд осенью 1924 г.) точно, возможно, Джумабаев и Букейханов были у меня в общежитии или же все мы вместе встречались на заседаниях краеведческого съезда. Также не помню, чтобы мы читали платформу «Табалдырық». Возможно, что материалы по литературе мы и читали, но точно не помню, в рукописи или газетные материалы. Сарсембина я помню, в бытность мою в Москве я его видел с Джумабаевым.

...Относительно Чокаева я знаю только, что он находится в Париже. Кажется, в 1924 г. в Париж на Всемирную выставку произведений искусства ездил казахский певец Амре Кашаубаев, который по возвращении оттуда рассказывал, что видел Чокаева. Больше о нем не рассказывал и не расспрашивал. При каких условиях Амре рассказывал мне об этом, специально ли заходил ко мне или при случайной встрече – я не помню» депті. Бұлардан бөлек 2-томда А.Байтұрсынұлына қатысты тағы бес құжат бар (олар 25.12.1929 – 17.02.1930 жж аралығында жасалған), оның төртеуі тергеу материалы.

«Алаш ісі. Құжаттар мен материалдар» жинағының 1-томында Міржақып Дулатовты тергеу бойынша 10 құжат, 2-томында 10 құжат бар. Алғашқы томдағы құжаттардың 1, кейінгі томда 2 құжат қазақша жасалған, қалғандары орысша. 1-томдағы «Мемлекет саяси мекемесінің Құншығыс бөліміне тұтқын М.Дулатұлының мәлімдемесінен» (Мәскеу қ. 19 қараша 1929 ж.) деген құжатта ол былай деп жазыпты:

«Мен абақтыда жатқаннан бері бірнеше рет жауап бердім. Бірақ әдейі болсын, қателесіп ұмытқаннан болсын, барлық білгенімді түгел айтқаным жоқ. Мен, абақтыда жазықсыз отырмын деп ойламаймын, айыбым, қатем бар. Кеңес үкіметінің жолына қайшы пікірлерім, істерім бар. Сондықтан әсіресе, соңғы күндерде ұзақ ойланып, бар білгенімді айтпақшымын. Сонымен бірге салт-сана, саясат жолындағы қателерімді мойында мақпын. Бұл жөнінде өтінішім: мені абақтыдағы жолдастарым Байтұрсынұлы Ахмет, Фаббасұлы Халел, Аймауытұлы Жұсіпбек, Болғамбайұлы Хайретдин, Есполұлы Мырзағазы, Бірімжанұлы Ғазымбек, Жұмабайұлы Мағжан, Жұсіпұлы Сапа, Байтасұлы Абдолла, Омарұлы Елдеспен кемінде үш күн бірге отырғызысаңыз екен. Мен олармен сейлесер едім, жоғарыдағы пікірге келгенімді айтып, макұл көрсе сол пікірде бірге болып теріс жолдан бірге қайтар едік». Міржақып неліктен бұлай деп өтініш білдірді екен? Шамасы, өзімен бірге айып арқалаған жолдастарының тергеуге берер жауаптары бір болса, жазықсыз жазаланудан құтылар едік деген үміт болса керек.

Енді 2-томдағы қазақша құжаттарға келсек, оның алғашқысында («Мемлекет саяси мекемесінің Құншығыс бөліміне тұтқын М.Дулатұлының мәлімдемесінен», Мәскеу к. 19 қараша, 1929 ж) Міржақып негізінен Әділұлы Дінше мен Битілеуұлы Дамолланың өзіне қатысты берген куәлігіне жауап берген. Кейбір маңызды жерлерінен үзінді келтірейік: «1927 ж. туралы: ол кезде троцкишілдік бағдары, айтысы, ағылшын-кеңес арасындағы көңіл күйге байланысты (под настроением) Кеңес үкіметінің халі нашарлап барады, соғыс болуы да мүмкін деп ойлайтынбыз. Егер Кеңес үкіметі үшін қыыншылық туатында болса, біз (алашордашылар, ұлтшылдар) сияқтыларға үкімет сенбейді, абақтыға жабар деп ойлайтынбыз. Сондықтан ондай бола қалса, сақтану керек, қырға шығып кету керек деп ойлайтынбыз. Міне, осы ойларымды Діншеге айтқанмын. Діншеге «Торғайға, өз еліме кетемін. 50-60 жігіт жинаймын, қаруландырамын» дегенім жоқ және «Соғыс болмаса да бәрібір еліме кетемін, отряд құрамын», деп дәлдеп айтқаным жоқ. Жоғарғыдай жалпы түрде айттым.

Соғыс бола қалса қазақ еліне қыын болады. Адамын, мал-мұлқін қорғайтын күші жоқ. Сол кезде елде болсақ, әрі өзіміз аман қалар едік, әрі қолдан келгенше елді қорғау қамын істер едік деген мағынада сөйлемдім. Соғыс болмаса да отряд құрамыз, көтеріліс жасаймыз деп айтқаным жоқ. Бұл туралы Дінше жаңылысады. Теріс мағлұмат береді. Болмаған сөзді қалай айтқанын түсінбеймін. Соғыс болса, Кеңес үкіметі құлайды деп ойлағаным рас. Шоқайұлы туралы да Діншенің жауабында қателер бар. Шоқайұлы түрік елшісіне хатшы дегенді, Женеваға, Берлинге барып жүргенін айтқаным жоқ. Өйткені оның анық қайда барып жүргенін өзім де білмеймін. Көбінесе Парижде болады екен деп еститімін. Жоғарғы сөздерді Дінше басқа біреуден естіп, сосын ұмытып, маған жапсырып отыр ма деп ойлаймын. Маған 1928 ж. Нұрлан келгені рас. Оған: «Әділ балаларын ұстауға Шымкенттен отряд шығады деген хабар бар. Және де кәмпеске науқанына да ол ауданға адамдар шығады, сақтансын» дедім. «Семей жағында қашып жүрген адамдар бар, соларға қосылып, Қытай шегіне шығып кеткені дұрыс»

дегенім рас».

Міржақыптың бұл жауаптарынан оның істеген істерін еш жасырмайтын батылдығын көрсетеді. Міржақыпқа қатысты тағы бір құжатта (М.Дулатұлының мәлімдемесі. Мәскеу қаласы. 30 қараша 1929 ж) әлі күнге көптің көкейінде жүрген бір мәселе айтылады: «Бұрынғы жауабымда тағы бір жасырғаным – Иманұлы Амангелді мен отряд бастығы Таранның қалай өлтірілгенін дұрыс айтпағанмын. Дұрысында ол екеуі Алашорда Әскерлік кеңесінің қарапымен атылған. Иманұлының атылу себебі: провокация жасағандығы үшін. Таранның атылу себебі отряд бастығы болғаны үшін емес. Таран сол өткен қыста Қостанай совдепінің бастығы болып тұрған екен. Торғайдағы Алашорда қызметінде болған қостанайлықтардың арасынан Таранның Қостанайда қазақ еліне іstemеген зорлығы жоқ. Осы күнге шейін Таран десе қазақ жылайды. «Таранды өлтіру керек» деп талап еткендер болды. Мұны айтушылар кімдер екені қазір анық есімде жоқ. Тағы да сол біз Торғайда болған жолы қазақтан 10-15 адам атылған. Бұларды атуши Торғайға келін орнаған казак-орыс әскерінің (бастығы Могилев) төтенше комиссиясы. Могилев әскери Торғайға келе жатқанда Торғайға бізден бұрын Колчак үкіметінің уездік комиссары болып тұрған Алмасұлы Омар әлгі қазақтарға казак-орыстарды жіберіп ұстатқан. Сол атылған адамдардың ағайындары кейін Алмасұлын өлтірді». Аласапыран заманда шиеленіскең мәселелердің қай жағына шығу қажеттігін, қайтсе әділ боларын білудің өзі қыын. Сондықтан М.Дулатұлының бұл айтқандарына қарап кейбір тұлғалардың ісіне лайықты баға беру үшін әлі талай тыңғылықты зерттеу керек.

Жиыны 6 мың беттен асатын 12 томдықтан ұлт тарихына, Алаш арыстарына қатысты көптеген тың дерек табуға болады. Ұлт ертеңі үшін көрт бастарын сертке ұстаган боздақтарымыздың тағдыры мен тарихын зерттеушілер мен келешек ұрпақ үшін берері мол қазына десек болады. Сондықтан өзіміз көз жүгірте жылдам қарап шыққан алғашқы екі томдағы материалдардың ішінен Алаш қайраткерлерінің үш белгілі тұлғасы туралы құжаттарда берілген мәліметтерді сарапап көрдік. Соның өзінде бұрын бізге белгісіз болып келген талай фактілерге көзіміз түсіп, сол жайында аз ғана сөз қозғадық. 12 томдықта архив құжаттары қай тілде берілсе, біз де одан алынған дәйексөздердің сол қалпын сақтадық.

Бір нәрсе ғана анық: «Алаш ісі: 1920-1940. Құжаттар мен материалдар» атты 12 томдық кітап – тарих ғылымы үшін және кеңестік кезеңдегі оқиғалардың, сол тұстағы ғұмыр кешкен тарихи тұлғаларға қатысты шындықты білгісі келетін көпшілік қауым үшін баға жетпес енбек. Ал бұл кітапты шығарушылар тобы (жобаны жүзеге асырған ғалымдар, құжаттарды тауып қалпына келтірген архив қызметкерлері) ұлт тарихының шынайылығы үшін зор енбек етіп, үлкен игілікті іс жасаған. Сондықтан алдағы уақытта мұндай енбектер көптеп шыға берсе мемлекет үшін де, халық үшін де зор бедел, биік мәртебе дер едік.

Ахмет Өмірзак